

**«Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық)
жанындағы интернат» КММ-де инклюзивті білім беруді дамыту
бойынша стажерлық алаңының 2022-2023 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспарының І-жартыжылдық бойынша
МӘТІНДІК ЕСЕБІ**

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернат» КММ – де инклюзивті білім беруді дамыту бойынша стажерлық алаң Шет ауданының Білім бөлімінің бұйрығына сәйкес 2020 жылдың қараша айында ашылды.

Мектебімізде ЕББҚ бар балаларға арнаулы орта қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жасалуда. Оқушылармен жеке түзете-дамыту сабақтары жүргізілетін кабинет мектептің бірінші қабатында орналасқан. Кабинетте оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тазалық шаралары сақталған. Кабинет Шет ауданының білім бөлімі тарапынан 2021 жылы бірқатар жиһаздар мен дидактикалық оқу құралдарымен жабдықталды. Көру қабілеті бұзылған білім алушыларға кедергісіз орта құру және білім алушылардың білім беру ұйымында физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында тактильді пиктограммаларға, т.б. сұраныс берілді.



Мектепте 2022-2023 оқу жылында 55 педагог жұмыс жасауда. Қазіргі уақытта мектепте 381 бала білім алуда.

2022-2023 оқу жылында қыркүйек айында облыстық ПМПК ұсынымы мен шешіміне сәйкес 5 ЕББҚ бар балалар анықталды. Қыркүйек айының 1-15 аралығында арнайы мамандар және мұғалімдердің оқушыларды бақылау, диагностикалау жұмыстары нәтижесінде 4 бала облыстық ПМПК-ға жіберілді. Нәтижесінде облыстық ПМПК оқушылардың ЕББҚ бар екендігі туралы шешім шығарды. Қазіргі уақытта мектебімізде ЕББҚ бар 9 бала инклюзивті білім алуда.

Мектепте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі құрылды. Психологиялық қолдау қызметінің құрамы бекітіліп, 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары мен Ережесі әзірленді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамына тұрақты түрде: төрағасы - мектеп директоры, мүшелері – педагог-психолог, әлеуметтік педагог, арнайы педагог, логопед және де сынып жетекшілер кіреді.

Қазіргі уақытта мектебімізде 0,5 жүктемемен арнайы педагог, логопед, психолог мамандары жұмыс жасауда. Арнайы мамандар түзете-дамыту жұмыстарына сәйкес оқушылармен аптасына 2-3 рет жеке және топтық сабақтар жүргізеді.

Арнайы педагог маманы ПМПК ұсынысы бойынша 8 ЕББҚ бар оқушылармен сабақ кестесіне сәйкес аптасына 2-3 рет 45 минуттан түзете-дамыту сабақтарын жүргізеді. Оқушыларды жыл басында бақылау, дефектологиялық тексеру нәтижелеріне сәйкес қорытынды жасалып, жеке және топтық сабақтар ұйымдастырылды. Оқушыларға қыркүйек айында жетістіктер картасы толтырылып, I жартыжылдыққа оқушыға меңгеруде қиындықтар туғызатын пәндер, тақырыптар бойынша бейімделген немесе жеке арнайы бағдарлама, бағдарламаға сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылды.

Логопед маманы ПМПК ұсынысы бойынша мектебіміздің 9 ЕББҚ бала және стажерлық алаңға бекітілген Ж.Ақылбаев атындағы эксперименталды мектеп-гимназия базасындағы тірек мектебінің 2 ЕББҚ бар баламен аптасына 2-3 рет, 45 минуттан жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарын жүргізуде.

Оқушылардың сөйлеу тілі дамуының әр түрлі бұзылыстарына, диагноздарына сәйкес түзете-дамыту жұмыстары жоспарланып, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылды.





«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес сабақта және оқу әрекетіне бейімделуде қиындықтары немесе мінез құлқында жеңіл ақаулары бар ЕББҚ оқушыларға ППҚҚ отырысының 15.09.2022 жылғы отырысының шешіміне сәйкес оқушыларға педагог ассистент маманы бір тоқсанға тағайындалған болатын. І тоқсан аяқталғаннан кейін педагог-ассистенттің көмегіне бұдан әрі қажеттілік ПМПК қорытындысы мен ұсынымы бойынша тағайындалуы керектігіне сәйкес, оқушылардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, уақытша педагог-ассистент штаты жабылды.

ЕББҚ бар оқушыларға ПМПК ұсынысы мен қорытындысы, ППҚҚ отырысының шешімі бойынша бейімделген және жеке арнайы оқу бағдарламасы құрылды. Бағдарламаға сәйкес оқушыға меңгеруде қиындық туғызатын пәндер бойынша жеңілдетілген, бейімделген оқу мақсаттары, тиімді әдіс-тәсілдер алынды.

Инклюзивті сыныптарға қазіргі уақытта оқу пәндерінен 26 пән мұғалімі сабақ беруде. Олардың 25-і инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарын (36, 40, 72, 80 академиялық сағат) аяқтаған. Сонымен қатар, біліктілікті арттыру курстарын аяқтаған мұғалімдер 40 % үстемақы алуда. Мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысу қажеттілігіне сәйкес уақытында сұраныс жасалып, курстарға қатысуда.

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылы 1-сыныпқа қабылданған 1 бала денсаулық жағдайына сәйкес үйде жеке тегін оқытумен қамтылған. Оқушыға бұйрық негізінде мұғалім бекітіліп, сабақ кестесі құрылды. Оқушының ЕББҚ бар бала екендігін ескере отырып, аптасына 1 рет, 45 минуттан арнайы педагог және логопед мамандары түзете-дамыту жұмыстарын жүргізуде.

Ата-аналармен және мектеп ұстаздарымен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес оқушылардың диагностикалық зерттеу нәтижелерімен таныстырылып, арнайы педагог жоспарына сәйкес кеңестер өткізілді.



Стажерлық алаң жоспары бойынша Нұраталды жалпы білім беру мектебінде мектебіміздің арнайы мамандарының қатысуымен қыркүйек айында «Инклюзивті білім берудегі мектеп мұғалімдерінің, мамандарының жұмысын ұйымдастыру», желтоқсан айында «ЕББҚ бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін, динамикасын бақылау» тақырыбында кеңестер өткізілді.



Стажерлық алаң жоспары бойынша мектебіміз және Нұраталды жалпы білім беру мектебі, Ж.Ақылбаев атындағы эксперименталды мектеп-гимназия базасындағы тірек мектебінің бастауыш сынып оқушыларымен «Қазақстан балалар көзімен» атты сурет көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар мақтау қағаздары мен сыйлықтармен марапатталды.



«Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп жанындағы интернат (РО)» КММ-де инклюзивті білім беруді дамыту бойынша стажерлық алаңының 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, мектеп директорының м.а. Бакаев Д.Б. ұйымдастыруымен ЕББҚ бар оқушыларға мерекелік құттықтау және жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында Жаңа жылдық шырша мерекесі атап өтілді. Шырша мерекесіне «Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп жанындағы интернатынан (РО)» - 9 бала, «Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясынан» - 2 бала, «Нұраталды жалпы білім беру мектебінен» - 3 оқушы, жалпы 14 оқушы қатысты. Оқушыларға демеушілер қолдауымен мерекелік сыйлықтар алынып, табысталды. Шырша мерекесінде оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ата-аналар мен ұстаздар жылы лебіздерін білдірді. Оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлауға қолдау білдірген демеушілерімізге мектеп ұжымы атынан алғысымызды білдіреміз! Жауапты мамандар: арнайы педагог Жұмабай А.Б., әлеуметтік педагог Ахметова А.Ш.

М



